

ӘОЖ 371.134:372.881

ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- МОДЕЛЬДІК ЖҮЙЕСІ

Қасенова Алтынай Жақыпбекқызы

2-ші курс магистранты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Жундыбаева Турархан Нурмухановна- п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор м.а.

Бұл мақалада шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін бағалаудың құрылымдық модельдік жүйесі қарастырылады. Зерттеу барысында шет тілі тілдік, коммуникативтік, мәдениетаралық және педагогикалық құзіреттілігінің даму деңгейін бағалау әдістері, критерийлері анықталады және тәжірбиеден өткізіледі. Құзіреттілік компоненттері нақты критерийлер арқылы сипатталып, оларды бағалау анықтау үшін сауалнама, бақылау және 360 градус бағалау әдістері қолданылады. Зерттеуде сапалық және сандық талдау әдістерін біріктіретін кешенді тәсіл қолданылып, оның тиімділігі дәлелденеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби даму деңгейін бағалау мақсатында төмен, орта және жоғары деңгейлерден тұратын деңгейлік шкала ұсынылды. Ұсынылған құрылымдық-модельдік жүйе шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін кешенді бағалауға және олардың даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыс нәтижесінде шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған практикалық ұсыныстар кешені дайындалады.

Кілт сөздері: шет тілі мұғалімдері, кәсіби құзіреттілік, бағалау критерийлері, диагностикалық әдістер, 360 градустық бағалау, сауалнама, құрылымдық- модельдік жүйе

Қазіргі білім беру жүйесінде шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін бағалау мәселесі өте ауқымды. Цифрлық ортаның дамуымен қатар білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты мұғалімнің тек тілдік білімді меңгерумен шектелмей, кешенді дағдылар жүйесін қамтиды. Ол шет тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кешенді білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы. Заманауи мұғалім жаңа оқыту әдістерін тиімді қолдана алатын, цифрлық құралдарды меңгерген және кәсіби тұрғыда үнемі дамып отыратын маман болуы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңында [1] білім беру сапасын арттыру, оқытушылардың кәсіби деңгейін көтеру және олардың педагогикалық құзіреттілігін жүйелі бағалау міндеттері

айқын көрсетілген. Бұл шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін зерттеу мен бағалау үшін құқықтық негіз береді. Заң талаптары бойынша мұғалімдердің кәсіби дамуын, олардың оқыту әдістемесін жетілдіруді және педагогикалық шеберлігін бағалауды қамтамасыз ету – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады.

Осыған байланысты шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін теориялық тұрғыда негіздеу, оның құрылымын анықтау және бағалаудың құрылымдық- модельдік жүйесін құрастыру өзекті ғылыми- педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі қоғамның заманауи өзгерістеріне сәйкес ғалымдардың зерттеулерінде оқу үдерісінің нәтижесі және мақсатты компоненті ретінде құзыреттіліктің мәні ашып көрсетіледі. Дегенменде, ғылыми зерттеулерге жасалған талдау бүгінде «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарына көптеген анықтамалар берілгенімен, олардың бірегей анықтамасы қалыптаспағандығын көрсетеді. Құзырет «білім алушының белгілі бір саладағы сапалы өнімді іс-әрекеті үшін қажетті білім беру дайындығына қойылатын әлеуметтік талап, құзыреттілік – бұл тиісті құзыретке ие болу, құндылық бағдарлардың жиынтығы (Хуторской, 2007) [2]. Автордың пікірінше, құзырет білім алушының белгілі бір салада сапалы және нәтижелі іс-әрекет жасауына қажетті білімдік дайындыққа қойылатын әлеуметтік норма ретінде сипатталады, ал құзыреттілік осы құзыретті меңгеру деңгейін және тұлғаның құндылықтық бағдарларының жиынтығын білдіреді. С.С.Құнанбаеваның пікірінше, білім берудің құзыреттілік парадигмасы мен құзыреттілік моделіне көшуі білім берудің стандарттары мен үлгілерін әзірлеудің технологиялық схемасынан гөрі әдіснамалық тәсіл болып табылады. Өйткені «білім беру мазмұны» категориясы әлі де түпкілікті анықталмаған, бірақ нәтиженің тұжырымдамалық мәні және сәйкесінше білім беру мақсаттары нақтылау және дамыту сатысында» деп есептейді [3].

Теориялық зерттеулер көрсеткендей, кәсіби құзыреттіліктің дамуы үздіксіз процесс болып табылады және ол педагогтың өзін-өзі дамытуы, біліктілікті арттыру курстары және кәсіби тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі кешенді құрылым ретінде сипатталады. Қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін бірқатар өзара байланысты компоненттерден тұрады.

– **Тілдік құзыреттілік (Linguistic competence)**- мұғалімнің мақсаты тілді терең меңгеруі, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, нормаларды дұрыс қолдана білуі. Бұл құзыреттілік шет тілін оқытудың негізі ретінде қарастырылады.

– **Коммуникативтік құзыреттілік (Communicative competence)** –білім алушының тілді түрлі жағдаяттарда орынды, нақты түсінікті және мәдениетаралық контексте қолдана білу қабілеті. Бұл категория шет тілі

мұғалімі үшін шешуші мәнге ие, себебі тілді тек үйретіп қана қоймай, оны қатынас құралы ретінде насихаттау да маңызды.

– **Мәдениетаралық құзыреттілік (Intercultural competence)**-басқа мәдениеттерге құрметпен қарау, стереотиптерден аулақ болу және шет тілін үйрену барысында мәдениетаралық диалогты дамытуға ұмтылу қабілеті.

– **Педагогикалық құзыреттілік (pedagogical competence)**- сабақ жоспарлау, оқыту әдістерін таңдау, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыру дағдылары. Онлайн платформаларды, интерактивті технологияларды меңгеру және оларды шет тілі сабақтарында тиімді пайдалану. Рефлексия жасай алу, жетістіктер мен кемшіліктерді бағалау, кәсіби дамуға ұмтылу дағдысы.

Кәсіби құзыреттіліктер маманның кәсіби дағдыларына, қызметтеріне, іс-әрекет түрлеріне негізделген, сондықтан кәсіби құзыреттіліктердің мазмұнын осы саладағы немесе өндірістік іс-әрекеттің ең жақсы үлгілері негізінде жұмыс берушілермен бірлесіп білім беру ұйымдары анықтайды және түзетеді.

Бағалау жүйесі шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық компоненттеріне негізделіп әрбір компонент бойынша нақты критерийлерді қамтиды. Зерттеу аясында 360 градус бағалау әдісі қолданылды, себебі ол мұғалімнің кәсіби қызметін жан-жақты, терең талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы мектеп білім алушылары, әріптестері және білім беру ұйымының әкімшілігі тарапынан кешенді және объективті кері байланыс берілді. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін құрайтын білім алушылардың коммуникативтік- жеткілікті деңгейде қарым-қатынастың жаңа құралы ретінде шет тілін меңгеруі болып табылады.


Сонымен бірге шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың модельі тілдік, коммуникативтік, мәдениаралық және педагогикалық құзыреттіліктердің өзара байланысына негізделген. Әрбір компонент нақты бағалау критерийлері арқылы сипатталып, оларды анықтау үшін тестілеу, бақылау, сауалнама және 360 градус бағалау әдістері қолданылды. Осылайша, шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі көпқұрамды құрылым ретінде қарастырылып, оның негізгі компоненттері айқындалды. Алайда аталған компоненттерді тек сипаттау жеткіліксіз, оларды жүйелі түрде бағалау қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін арнайы бағалау жүйесін әзірлеу өзекті болып табылады. Мұндай жүйе құзыреттіліктің құрылымдық элементтері мен оларды бағалау механизмдерінің өзара байланысын қамтуы тиіс.

Осы мақсатта зерттеу барысында шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін бағалаудың құрылымдық-модельдік жүйесі ұсынылды (1-сурет).

Ұсынылған құрылымдық- модельдік жүйе шет тілі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін кешеді және объективті түрде нақта бағалауға бағытталған.

Модельдің негізін оның компоненттері құрайды: тілдік, коммуникативтік, мәдениаралық және педагогикалық құзіреттіліктер.



1-сурет. Шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін бағалаудың құрылымдық-модельдік жүйесінің сызбасы

Тілдік құзыреттілік мұғалімнің шет тілін меңгеру деңгейін, оның ішінде грамматикалық сауаттылығын, сөздік қорын, сөйлеу және тыңдалым дағдыларын сипаттайды. Бұл компонент мұғалімнің пәндік дайындығының негізі болып табылады [4]. Коммуникативтік құзыреттілік педагогтың кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін, ойды нақты және тиімді жеткізуін, сондай-ақ білім алушылармен кері байланыс орнату дағдыларын қамтиды. Мәдениаралық құзыреттілік әртүрлі мәдениеттерді түсіну, құрметтеу және оларды оқу үдерісінде ескеру қабілетімен анықталады. Бұл қазіргі жаһандану жағдайында шетел тілі мұғалімі үшін аса маңызды компоненттердің бірі болып табылады [5]. Педагогикалық құзыреттілік оқу үдерісін ұйымдастыру, сабақ жоспарлау, оқыту әдістерін тиімді таңдау және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау дағдыларын біріктіреді.

Модельде аталған компоненттер орталықтағы құзыреттілікті бағалау үдерісімен өзара байланыста қарастырылады. Бағалау бірнеше әдістер арқылы жүзеге асырылады: тестілеу, педагогикалық бақылау, сауалнама және 360 градус бағалау. Әсіресе, 360 градус бағалау әдісі мұғалімнің кәсіби қызметін

жан-жақты талдауға мүмкіндік беріп, оқушылар, әріптестер және әкімшілік тарапынан алынған кері байланыс негізінде объективті нәтижелер алуға жағдай жасайды.

Бағалау нәтижелері үш деңгей бойынша жіктеледі: төмен, орта және жоғары. Бұл деңгейлер мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесін анықтауға және оның әрі қарай даму бағытын белгілеуге мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылған құрылымдық-модельдік жүйе шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жан-жақты бағалауға, олардың кәсіби даму деңгейін анықтауға және жетілдіру бағыттарын айқындауға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
2. Хуторской А. В. Педагогический основания диагностики и оценки компетентных результатов обучения//ИзвестияВолгоградского государственного педагогического университета. – 2013. – № 5 (80). – С. 7-15..
3. Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования: монография. – Алматы, 2014. –205 с.
4. Министерство образования и науки Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт образования. – Астана, 2020.
5. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). – Cambridge, 2001.

СТРУКТУРНО-МОДЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ОЦЕНКИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Қасенова Алтынай Жақыпбекқызы

В данной статье рассматривается структурно-модельная система оценки профессиональной компетентности учителей иностранного языка. В ходе исследования определяются и апробируются методы и критерии оценки уровня развития языковой, коммуникативной, межкультурной и педагогической компетентностей учителя иностранного языка. Компоненты компетентности описываются через конкретные критерии, а для их оценки используются методы анкетирования, наблюдения и оценки «360 градусов». В исследовании применяется комплексный подход, объединяющий качественные и количественные методы анализа, и доказывается его эффективность. Кроме того, с целью оценки уровня профессионального развития учителей предлагается уровневая шкала, состоящая из низкого, среднего и высокого уровней. Предложенная структурно-модельная система позволяет комплексно оценивать профессиональную компетентность учителей иностранного языка и определять динамику их развития. В результате работы разрабатывается комплекс практических рекомендаций, направленных на поддержку профессионального развития учителей иностранного языка.

Ключевые слова: учителя иностранного языка, профессиональная компетентность, критерии оценки, диагностические методы, оценка 360 градусов, анкетирование, структурно-модельная система.

STRUCTURAL-MODEL SYSTEM FOR ASSESSING THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

Kassenova Altynay Zhakypbekovna

This article considers the structural-model system of assessing the professional competence of foreign language teachers. In the course of the study, the methods and criteria for assessing the level of development of linguistic, communicative, intercultural, and pedagogical competences of a foreign language teacher are defined and tested in practice. The competence components are described through specific criteria, and methods such as questionnaires, observation, and 360-degree assessment are used to evaluate them. The study applies a comprehensive approach that combines qualitative and quantitative analysis methods, and its effectiveness is proven. In addition, in order to assess the level of teachers' professional development, a level scale consisting of low, medium, and high levels is proposed. The proposed structural-model system allows for a comprehensive assessment of the professional competence of foreign language teachers and enables the identification of their development dynamics. As a result of the work, a set of practical recommendations aimed at supporting the professional development of foreign language teachers is developed.

Keywords: foreign language teachers, professional competence, assessment criteria, diagnostic methods, 360-degree assessment, questionnaire, structural-model system.

REFERENCES

1. Law of the Republic of Kazakhstan No. 487-IV dated October 24, 2011, On Amendments and Additions to the Law of the Republic of Kazakhstan "On Education." Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
2. Khutorskoy, A.V. Pedagogical Foundations of Diagnostics and Assessment of Competency-Based Learning Outcomes // Proceedings of Volgograd State Pedagogical University. 2013. No. 5(80). P. 7–15.
3. Kunanbayeva, S.S. Competency-Based Modeling of Professional Foreign Language Education: Monograph. Almaty, 2014. 205 p.
4. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. State Compulsory Educational Standard. Astana, 2020.
5. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). Cambridge, 2001.